



Созақ ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарында туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 ақпанда № 97 шешімі . Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 наурызда № 6476-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 14 шілдедегі " Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" №181 бұйрығына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Созақ ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарында туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы

О. Жәмиев